

2019 жылға арналған Павлодар ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 127/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 мамырда № 6342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 8) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, Павлодар ауданы ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Шұғаев

Павлодар ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "2" мамырдағы
№ 127/5 қаулысына
қосымша

**2019 жылға арналған Павлодар ауданы бойынша
бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды
жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

--	--	--	--	--

№ р/ с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, (адам)	Квотаның көлемі (жұмыскерлердің тізімдік санынан), %	Б а с бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны, (адам)
1	"Луганск" өндірістік кооперативі	266	1	3
2	Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының " Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің облыстық психоневрологиялық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	335	1	3
3	"Ертіс" шаруа қожалығы	110	1	1
4	"Кирова" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	199	1	2
5	"Зерноград" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	125	1	1
6	"Агро-Альянс" агроөнеркәсіптік компаниясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	73	1	1
7	"Маяк" шаруа қожалығы	124	1	1